

М.Қ. Оразбаева¹, А.А. Құрманәлі²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: orazbayevameruyert@gmail.com)

Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы «жүрек» лексемасымен берілген фразеологизмдердің түрік тіліне аударылу ерекшеліктері

Соңғы жылдары халықтардың мәдениетінің жарқын көрінісі болып саналатын фразеологизмдерге деген қызығушылықтың ерекше артуына байланысты әр түрлі тілдердің фразеологиялық қорын салғастыра-салыстыра зерттеп-зерделеу мәселесі лингвистиканың өзекті мәселесіне айналып отыр. Өйткені, кез келген халықтың фразеологиялық қорында ол халықтың дүниетанымы, менталитеті, мәдениеті, фольклоры, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары т.б. айқын көрініс табады. Осы орайда, мақалада Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы «жүрек» лексемасымен берілген фразеологизмдердің түрік тіліне аударылу ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу жұмысының басты мақсаты «Үркер» романындағы «жүрек» лексемасы ұйытқы болатын тұрақты тіркестердің танымдық және семантикалық табиғатын ашып, олардың түрік тіліне аударылу ерекшеліктерін айқындау. Зерттеу материалы ретінде романдағы «жүрек» сөзімен берілген 81 соматикалық фразеологизм іріктеліп, олардың түрік тіліне аударылу тәсілдері талданды. Сондай-ақ, авторлар тарапынан «жүрек» лексемасы тірек компонент болатын фразеологизмдерді түрік тіліне аудару нұсқалары ұсынылған және туыстас қазақ және түрік тілдерінің фразеологиялық қорындағы «жүрек» лексемасының қолданылу аясына қатысты тұжырымдар жасалған.

Кілт сөздер: фразеологиялық қор, көркем шығарма, аударматану, соматизм, «жүрек» лексемасы.

Kipicne

Фразеологизмдер — кез келген халықтың мәдениетінің ажырамас бір бөлшегі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бейнелі сөз орамдары. Халықтың мәдениеті мен тарихын бойына сіңірген осы бейнелі сөз орамдары аталарымыздан ғасырдан-ғасырға асыл мұра ретінде жалғасын тауып, бүгінгі таңда фразеология тіл білімінің дербес саласына айналып отыр. Осы орайда, соңғы жылдары лингвистикада фразеологизмдерге деген қызығушылық ерекше артып, генетикалық тұрғыдан туыстас тілдермен қатар, туыс емес тілдердің фразеологиялық қорын жан-жақты қарастырып, зерттеп-зерделеу — лингвистиканың ең өзекті мәселелерінің бірі.

Г. Смағұлова фразеологизмдердің түрлері мен белгілері туралы: «тілші ғалымдардың ден қойған әрі талассыз аксиомаға айналған, фразеологизмдерге қатысты айтылатын үш түрі мен үш белгісі қазірге дейін ғылым тұғырынан түспей келеді. Олар: фразеологиялық тұтастық (идиом сипатындағылар), фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деген түрлері болса, белгілері: мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, даяр қалпында қолданылу тұрақтылығы» деп тұжырым жасайды [1; 29].

Қазақ фразеологиясы жеке сала ретінде зерттеліп, І. Кеңесбаевтың сөздігі құрастырылды. Сөздікте қазақ фразеологизмдерін жинап, анықтамасы ғана беріле қоймай көркем әдеби шығармалардағы мысалдармен дәйектелген [2]. Ғалым Г. Смағұлова фразеологизмдерді когнитивтік лингвистика аспектісінде қарастырады [1]. Сонымен қатар, отандық ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Түрік фразеологиясы саласындағы маңызды зерттеулерді Ө. Аксой [3], М. Аргуншах [4], М. Ертугрул [5] сынды ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Түрік және қазақ тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер Г. Ахметжанова [6], А. Султангүбиева [7] сынды тілші-ғалымдардың еңбектеріне арқау болып, әр қырынан зерделеніп-зерттелген. Алайда, көркем шығармадағы соматикалық фразеологизмдердің аудармада берілуі алғаш зерттеу нысаны ретінде қарастырылып отыр. Атап айтқанда, мақалада Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы «жүрек» лексемасы тірек компонент болатын соматикалық фразеологизмдердің түрік тіліне аудармасына талдау жасалып, аталған фразеологизмдерді аударма барысында қолданылған аударма тәсілдері мен аударылу ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің дереккөздері ретінде Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романының түпнұсқасы [8] және түрік тіліндегі аудармалары [9], [10], І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі» [2], Ө. Аксойдың «Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü» [3], Ә. Рысбаев және А. Назарованың «Түрікше-қазақша, қазақша-түрікше қысқаша фразеологиялық сөздігі» [11] пайдаланылып, «жүрек» лексемасы ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдерге талдау жасалды.

Зерттеу барысында жинақтау әдісін қолдана отырып фразеологизмдер жайында мағлұматтар жинақталды. Жүйелеу әдісін қолдану арқылы фразеологизмдер белгілі бір жүйе ретінде қарастырылды.

Сипаттау әдісін қолдана отырып «жүрек» сөзімен берілген фразеологизмдер сөздіктердегі анықтамаларымен дәйектелді және екі тілдегі қолданыс аясы сипатталды. Сонымен қатар, берілген лексеманы салыстырмалы әдіс арқылы қазақ және түрік тілдеріндегі ерекшеліктері салыстырылып, концептуалдық әдістер кешенді түрде қолданылды.

Романдағы «жүрек» лексемасымен берілген фразеологизмдер жинақтау әдісі арқылы сұрыпталып, алынған нәтижелер сандық деректермен көрсетілді. Атап айтқанда, сұрыптау әдісі негізінде кестелер құрылып, сандық тәсілі арқылы романдағы фразеологизмдердің саны мен қолданылу жиілігі анықталды. Зерттеу материалы ретінде «жүрек» лексемасымен берілген 81 соматикалық фразеологизм іріктеліп, талдау жасалды. «Үркер» романындағы «жүрек» лексемасымен берілген соматикалық фразеологизмдердің түрік тіліне аударылу ерекшеліктері айқындалып, аталған соматикалық фразеологизмдерді түрік тіліне аударудың оңтайлы жолдары ұсынылды.

Нәтижелер мен талқылау

Түрік және қазақ тілдерінде «жүрек» сөзі жеке лексема ретінде соматикалық атаулардың лексика-тақырыптық тобына кіреді. Дүниенің концептуалды және тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментінде «жүрек» адам ағзасының физиологиялық реакцияларымен байланысты сезімдік әрекеттерін сипаттайтын материалдық орган түрінде көрініс береді. Жүрек — адамзат денесінің орталығы, оның өмірлік күшінің негізі екені баршаға аян, өйткені, егер жүрек өзінің соғуын тоқтатса, онда адам да өз тіршілігін тоқтатады.

«Қазақ және түрік тілдерінде соматикалық фразеологизмдер көбіне эмоцияны, көңіл күйді, адамның мінез-құлқын білдіреді. Соматикалық фразеологизмдердің құрамында шамамен 70 %-ында бас, көз, мұрын, қол, жүрек, құлақ, тіл т.б. компоненттер кездеседі» [12; 145].

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «жүрек» лексемасына «зат.анат <лат.сog> 1. Қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағына қарай орналасқан басты мүшесі. 2. діни. Иманның тұрағы. 3. ауыс. Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі. 4. ауыс. Саяси-әкімшілік орын, орталық. 5. ауыс. Қайнар көзі, тірегі. 6. ауыс. Ғашық, сүйген жар. 7. ауыс. Көңіл» деп түсініктеме берген [13; 635].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «жүрек» лексемасына 1. Бойға қан жүргізуші басты орган. 2. ауысп. Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі деп анықтама берілген [14; 324].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде тура мағынасында орталық орган есебінде қабылданатын «жүрек» сөзі қазақ халқының дүниетанымында ауыспалы мағынада «жан дүние, көңіл, сезім, рухани сезім, иманның тұрағы» деген сияқты ұғымдармен қатар жүретінін байқауға болады.

Ал түрік тілінің түсіндірме сөздігінде «kalp (жүрек)» сөзіне 1. кеуде қуысында, екі өкпенің арасындағы, дененің әр жерінен келетін қанды өкпеге және одан келетін таза қанды денеге тарататын орган. 2. ауысп. махаббат, көңіл. 3. ауысп. сезім [4; 1174] деп, ал «yürek (жүрек)» сөзіне «кеуде қуысында, екі өкпенің арасында орналасқан, бүкіл денеден келетін қанды өкпеге және одан келетін таза қанды денеге тарататын орган» деп анықтама берілген [4; 2481].

Қазақша-түрікше сөздікте «жүрек» сөзіне тура мағынасында дене мүшесі, ал ауыспалы мағынасында көңіл («жүрек, -гі зат. 1. Kalp, yürek. 2. ауысп. Gönül») деп анықтама берілген [15; 167].

«Жүрек» лексемаларының қазақ және түрік тілдеріндегі сөздіктерде берілген анықтамаларының барабар екенін көруге болады. Екі халықтың діни сенімі бір болғандықтан, «жүрек» діни тұрғыдан иманның нұры, адамның айнасы болып табылады және адамның ізгі қасиеттері, пейілі мен ниеті осы мүшемен байланыстырылады. Ағзаның мүшелері мен жүйелерінің жағдайы жүректің және бүкіл жүрек-тамыр жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне байланысты болғандықтан, шын мәнісінде, адамның өмір сүру ұзақтығы да жүрекпен тікелей байланысты болады.

Осы орайда, «жүрек» ұғымы үшін түрік тілінде «*kalp*» және «*yürek*» деген екі синонимдес сөз қолданылатындығын айта кеткенді жөн деп санаймыз. «*Kalp*» сөзі түрік тіліне араб тілінен енген кірме сөз болып табылады, ал «*yürek*» таза түрік тіліне тән сөз болып саналады. Алайда, бұл сөздердің қолдану аясында біршама ерекшеліктердің бар екенін көруге болады.

Байрам Четинкая аталған синонимдес сөздердің қолдану аясына тоқталып: «*Yürek*» сөзі «*kalp*» сөзіне қарағанда көбіне сезімге байланысты мәнмәтінде қолданылады. Әсіресе қоғам, сезімге байланысты мәнмәтінде «*yürek*» сөзімен физикалық өзгерістерді байланыстыратынын көріп отырмыз. Қанды айдайтын мүше ретінде көбіне «*kalp*» сөзі қолданылады, әсіресе медицина, денсаулыққа байланысты мәнмәтіндерде «*kalp*» сөзі жиі қолданылады» деп тұжырым жасайды [16; 131].

Түрікше–қазақша, қазақша–түрікше қысқаша фразеологиялық сөздікте «*kalp*» сөзімен 11 [11; 69], ал «*yürek*» сөзімен 37 фразеологизм [11; 70] берілген. Ал қазақ тіліндегі «жүрек» сөзімен 14 фразеологизм қамтылған [11; 92].

І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» «жүрек» лексемасымен 50 фразеологизм қамтылған. Осы 50 фразеологизмнің 13-і біз талдау жасағалы отырған «Үркер» романындағы «жүрек» соматизмімен берілген фразеологизмдермен сәйкес келетіні анықталды. Олар: жүрегі айныды, жүрегі алып ұшты, жүрегі дауламады, жүрегі елжіреді, жүрегі жарылды, жүрегі күпті болды, жүрегі қара, жүрегі лүп етті, жүрегі май ішкендей кілкілдеді, жүрегі шайлықты, жүрек жұтқан, қара жүрек, қоян жүрек [2; 281].

«Үркер» романынан құрамында «жүрек» соматизмі бар 81 фразеологизм анықталды. Алайда, қайталану факторына байланысты 39 фразеологизм сұрыпталды. Романдағы «жүрек» сөзімен берілген соматикалық фразеологизмдердің ішінен ең жиі қолданылғаны «*жүрегі жарылу*» деген тұрақты тіркесі екендігі анықталды. «*Жүрегі жарылу*» фразеологизмінің қолдану жиілігі 7 рет, ал «*жүрегі дауламады*» және «*жүрек жұтқан*» фразеологиялық бірліктерінің қолданылу жиілігі 6 рет екені анықталды. Романда жиі кездесетін бұл фразеологизмдердің қазақ халқының күнделікті тұрмысында де жиі қолданысқа ие екенін байқауға болады. Ең сирек қолданылған фразеологизмдер саны — 24, олар 1 реттен қолданылған.

Төмендегі кестеде «Үркер» романында жиі кездесетін (6 рет) «жүрек жұтқан» фразеологизмімен берілген сөйлемдердің түпнұсқалары, түрік тіліне аудармалары және аударма тәсілдері беріліп отыр.

1 - к е с т е

«Жүрек жұтқан» фразеологизмін аудару барысында қолданылған тәсілдер

№	Түпнұсқа	Аудармасы	Аударма тәсілдері
1.	Кейде жүрек жұтқан батыр тәуекелінен таппайтын қайырды қорқақ үрейінен табады екен [8; 16].	Bazen aslan yürekli, yiğit ve gözü pek cesaretinden bulamadığı hayrı, ürkek korkusundan bulurmuş insan [9; 20].	Фразеологиялық баламасын беру
2.	... ол баяғы халқыңыздың жүрек жұтқан арда кезі шығар. [8; 40].	... o, herhalde halkınızı geçmişteki, cesaretli ve arda zamanına işaret etmiş olmalı [9; 65].	Фразеологиялық емес тіл құралымен беру
3.	Сонда қазақтар осы бала жігіттің мынандай жүрек жұтқан ерлігіне жағаларын ұстаған-ды [8; 94].	O zaman bu körpe delikanlının, böyle bir gözü kara yiğitliğine hayran kalmışlardı [9; 169].	Фразеологиялық балама
4.	Нағыз жүрек жұтқан екенсің! – деген Бөкенбай [8; 94].	Has yiğitmişsin, demişti Bökembay [9; 169].	Фразеологиялық емес тіл құралымен беру
5.	Мынандай қысылтаяң күнде күллі қазақтың қанын мойынына көтеріп алар жүрек жұтқандық қайсысынан шығар екен дегендей жұрт батырларға қарап қалған [8; 122].	Böyle bir zor günde, külli Kazak'ın kanından canından sorumlu olma görevini üstlenmeye hangisi cesaret edecek ve buna hazır olduğunu gösterecektir der gibi millet de bahadırlara bakakalmış [9; 222].	Фразеологиялық балама
6.	... ақыр аяғында жүрек жұтқан екі-үшеуі арба жегіп, шылымдарын шегіп, Құмарбайдың ақ ордасы қайдасың деп тартып тұрыпты [8; 148].	... nihayet aralarında cesur olan, iki üç kişi atlarına arabalarını koşup, tütünlerini içerek, «Kumarbay'ın ak ordasını neredesin?» diyerek yola çıkmışlar [9; 269].	Фразеологиялық емес тіл құралымен беру

«Фразеологиялық сөздікте» бұл тұрақты тіркеске төмендегідей анықтама берілген: жүрек жұтқан — еш нәрседен қорықпайтын батыл, ер-азамат [2; 281]. Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл фразеологизм бірігіп жазылып, «жүрекжұтқан сын. батыл, ер, қаһарман» деп анықтама берілген [13; 648]. «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінде» жүрек жұтқан — батылдық мағынасына ие екендігі айтылады [17; 106]. Сөздіктерден бұл фразеологизмнің «батырлық, батылдық, ерлік» мағыналарын білдіретінін көруге болады. Қазақ тілінде «жүрек жұтқан» фразеологизміне мағыналас «жүректі кісі» деген фразеологизм «батыр, батыл» деген мағынаны білдіруде қолданады.

«Үркер» романының түрікше нұсқасында аудармашылар «жүрек жұтқан» фразеологизміне бірнеше балама берген. 1-кестедегі 1-ші мысалдағы «жүрек жұтқан» фразеологизмі түрік тіліндегі «*aslan yürekli*» балама фразеологизмімен сәтті аударылған. Аудармашы сөйлемде батырлықты, қайсарлықты білдіріп тұрған «жүрек жұтқан» фразеологизмінің мән-мағынасын түрік тіліндегі «*aslan yürekli*» тұрақты сөз тіркесі арқылы берген, алайда «*aslan yürekli*» фразеологизмінің дәлме-дәл қазақша баламасы Г.А. Ахметжанованың зерттеу жұмысынан көрініс тапқан: «*Арыстан жүректі. Қаймықпайтын, тайсалмайтын, өжет*» [6; 149] деген мағынаға ие екендігін атап көрсетеді. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, қазақ тілінде «батылдық» сөзін ең маңызды дене мүшелерінің бірі болып саналатын жүрекпен байланыстыра қоймай, синонимдес болып саналатын «арыстан жүректі» деп, аңдар патшасы арыстанға теңеген. Түрік мәдениетінде «арыстан» сөзі ғасырлар бойы ерліктің символы болып саналады. Бұл фразеологизм айналасындағы адамдарға батылдықпен үлгі болатын батыр адамдарды сипаттайды. Екі халықта батыллықтың, батырлықтың символын арыстан жануарымен байланыстыратынын байқауға болады. Ал түрік тілінде «*çatal yürekli* (шаңышқы жүректі) — *hiçbir şeyden korkmayan, dövüşmekten yılmayan* (еш нәрседен қорықпайтын, батыл)» [3; 689] деген синонимдес фразеологизм де бар.

«Жүрек» лексемасын бұдан бөлек қасқыр аңымен де байланыстыратын тұрақты сөз тіркестері бар. Мысалы: *Қасқыр жүректі* «беті ештеңеден қайтпайтын батыл, қайсар, *жүрек жұтқан*» [17; 85]. 2-ші мысалдағы «жүрек жұтқан» фразеологизмін аудармашы «*cesaretli*» сөзімен аударған. Аударманың түпнұсқаға жақынырақ нұсқасы «*yürekli*» екенін айта кету керек. Егер түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдердің баламасы аударылатын тілде болмаса, сөйлемнің мағынасын сақтап, калька жасауға мәжбүр болады. Дегенмен «*cesaretli*» сөзі сөйлемнің мағынасын толық беріп тұр.

3-ші мысалда аталған соматикалық фразеологизм түрік тіліне «*gözü kara*» деген тұрақты тіркеспен аударылылып, «жүрек» соматизмінің орнына «*göz*» соматизмі қолданылған. Аудармашы «*gözü kara*» фразеологизмін қолдана отырып, түпнұсқадағы батырлық, ерлік мағынасында жұмсалған «*жүрек жұтқан*» тұрақты сөз тіркесінің бейнелілігін, функционалды сәйкестігін қайта өңдеу арқылы толықтай баламасын берген. 4-ші мысалда «жүрек жұтқан» фразеологизмі қайсарлық, батырлық мағынасын білдіретін «*yiğitmişsin*» деген фразеологиялық емес тіл құралы арқылы аударылған.

Әр халықтың өзіне тән, бірегей мәдениетіне, тарихына, менталитетіне байланысты шыққан фразеологизмдердің дәлме-дәл баламасын беру аудармада шектеулі құбылыс болып саналады. 5-ші мысалда түпнұсқада мәтіннің мағынасына сәйкес батылдық контекстінде берілген «жүрек жұтқан» фразеологизмі «*cesaret etmek*» фразеологиялық емес тіл құралы арқылы аударылған.

Берілген мысалдарда фразеологизмдерді аударудың бірінші тәсілі, фразеологиялық баламасын беру тәсіліне жатады. «Жүрек жұтқан» соматикалық фразеологизмінің аудармасы «*gözü kara*», «*cesaretli*», «*yiğitmişsin*», «*cesaret edecek*», «*cesur olan*» секілді әр түрлі баламалармен түпнұсқаға сай берілген. Аудармашы «*жүрек жұтқан*» тұрақты тіркесіне сөйлемнің мәнмәтініне байланысты батыр деген мағынаны білдіретін әр түрлі баламалар мен әр түрлі аударма тәсілдерін шебер қолданған. Түрік тілінде бұл сөздің жүрек лексемасымен берілген прототипі болмағандықтан, баламалы әдіс арқылы «*aslan yürekli*» (арыстан жүректі) деп жеткізген. Аударма нәтижесінде берілген тұрақты тіркес фразеологиялық балама әдісіне жатады. Аудармадағы фразеологизмдердің құрамы әр түрлі болғанымен, мағына тұтастығының сақталғанымен ерекшеленетінін аңғаруға болады.

Төмендегі кестеде «қоян жүрек» фразеологизмімен берілген сөйлемдердің түпнұсқалары, түрік тіліне аудармалары және аударма тәсілдері беріліп отыр (2-кесте).

«Қоян жүрек» фразеологизмін аудару барысында қолданылған тәсілдер

№	Түпнұсқа	Аудармасы	Аударма тәсілдері
1.	Оның үстіне қоян жүрек қорқақтығы үшін басына әйелдердің тіз киімін орап, ..., ел алдында масқараға ұшырайды [8; 78].	Bununla birlikte tavşan yürekli korkaklığı için, başına kadınların diz giyimini bağlayıp, ..., halkın önüne çıkar ve maskara edilir [9; 138].	Фразеологиялық балама
2.	Осы қазақ төңірегінде кұқайды көре-көре әбден қоян жүрек боп алғаннан сау ма! [8; 99].	Bu Kazak, etrafındakilerden zorbalık görüp, eziyet çeke çeke tavşan yürekli bir korkak olup çıkmış mı ne? [9; 179].	Фразеологиялық балама
3.	Бірақ қоян жүрек жұрттың сойы секілді емес [8;172].	Kamçıdan korkabilir, ama tavşan gibi korkak soydan olan milletler gibi değil [9; 313].	Фразеологиялық балама
4.	... қараңғы түсе қаралай зәрулері ұша бастайтын қоян жүрек елшілікті тыпыр еткізбей қоршап ал [8; 456].	... gecenin bir yarısında elçi heyetine saldır! Senin gibi cesur yürekliye bu pek zor olmasa gerek?! [9; 401].	Сипаттамалы аударма
5.	Апырау «бық» дегенде зып беретін қоян жүрек тағыларға мынандай қасиет қайдан біткен?! [8; 567].		Түсіру

«Фразеологиялық сөздікте» «қоян жүрек» фразеологизміне «қорқақ, ынжық» деген анықтама берілген [2; 459]. Ал түрік тілінде *tavşan yürekli* (қоян жүрек) — *ürkek, korkak* деген анықтама берілген [3; 1068]. Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы жағынан да, синтаксистік құрылымы жағынан да үйлесімді. Тілімізде «қоян жүрек» фразеологизмінің «қорқақ» мағынасын білдіретін «су жүрек» деген синонимі де қолданылады.

Жалпы қазақ аңыз әңгімелерінде, ертегілерінде қоян әрдайым қорқақ жануардың кейіпінде бейнеленеді. Тіпті балаларға арналған ертегілерде, мультфильмдерде қоянның бейнесін қорқақ, үркек жануармен байланыстыра суреттейді. Туыстас екі тілдің мәдениетінде де қоян қорқақтықтың символы болып есептеледі. Оны романдағы «қоян жүрек» фразеологизмі де қорқақ мағынасындағы мәнмәтінде көрініс тапқан. Мысалы: 1-ші мысалда аудармашы фразеологиялық балама тәсілін қолданған, фразеологиялық тіркестің мағыналық қызметі мен стилистикалық бояуын шебер сақтаған. Бұл жерде туыстас екі тілдің де фразеологиялық сөздік қорында «қоян жүрек» және «*tavşan yürekli*» деген фразеологизмдер бар. 2-ші мысалда аудармашы фразеологиялық балама тәсілі арқылы «қоян жүрек» фразеологизмін «*tavşan yürekli*» деген фразеологиялық тіркеспен дәл бере отырып мағыналық қызметін, стилистикалық бояуын сақтағанын көре аламыз. Берілген 3-ші мысалда аудармашы фразеологиялық балама тәсілімен аударған бірақ синтаксистік құрылымында кішкене өзгерістер бар. Бұл жерде аудармашы «*gibi*» шылауын орынды пайдаланған. Аудармашының тұрақты сөз тіркесінің семантикалық құрылысын, табиғатын ескере отырып аударғанын көруге болады. Берілген мысалдардағы 4-ші сөйлем көркемдік жағынан күрделі болғандықтан, аудармашы фразеологиялық тіркесті сөзбе-сөз аудармай, тек сипаттап аударған.

Осы орайда, «қоян жүрек» фразеологизмі құрылымы жағынан толық берілмесе де, мағынасы оқырманға түсінікті болатындай аударылған. Аудармашының бұл тәсілді қолданудың бірден-бір себебі — түпнұсқадағы сөйлемді айрықша әсерлі, әдеби тіл көркемдігін арттыру болып табылады. Фразеологизмді сөзбе-сөз аудару мағынасында біздің ұсынатын аудармамыз: *Yanına elli altmış yiğit al da, akşama doğru karanlıktan korkmaya başlayan tavşan yürekli elçiliği yaygara çıkarmadan yakala*. Әдеби аударма, көркем шығарманың әрін келтіру тұрғысынан алып қарағанда аудармашының берген нұсқасы ұтымды болып табылады. 5-ші мысалда романның түрік тіліндегі нұсқасында аудармашы түсіру әдісін қолдана отырып, жалпы мәтіннің мағынасын көркем жеткізген. «Үрке» романы күрделі тарихи роман болғандықтан, сөзбе-сөз аудару арқылы романның көркемдік әсемділігін жоғалту қаупі бар. Сол себепті аудармашы түсіру әдісін қолдана отырып «қоян жүрек» фразеологизмін аудармай, сөйлемнің жалпы мағынасын берген. Егер фразеологизмді аудару мақсат етілетін болса, біз «*Vay be! Her şeyden ödü patlayan tavşan yürekliiler öyle cesareti nereden almışlar ki?!*» аудармасын ұсынар едік. Романдағы «Қоян жүрек» және «*tavşan yürekli*» фразеологизмдері көбіне фразеологиялық балама тәсілі арқылы аударылған, фразеологиялық балама тәсілінде түпнұсқадағы тілдің лексикалық бірлігі аударылып жатқан тілдің лексикалық бірлігімен ауыстырылады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі жүрек лексемасы анатомиялық органнан басқа адамның мінез-құлық ерекшеліктерін, моральдық-еріктік қасиеттерін, сезімін, көңіл-күйін, эмоциясын, жан тебіренісін, психикалық күйлерін көрсетеді. Сонымен қатар, қорқу мағынасында жұмсалатын фразеологизмдер қатары «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінде» төмендегіше берілген: Жүрегі бүлк //солк// ету, жүрегі зырк ете қалу, жүрегі мұздап //суып// қоя беру, жүрегі өрекну //суылдау, жүрегі тас төбесіне шығу [17; 56].

Төмендегі кестеде «Үркер» романында ең жиі кездесетін (6 рет) «жүрегі дауаламау» фразеологизмі қолданылған сөйлемдердің түпнұсқалары, түрік тіліне аудармалары және аудару барысында қолданылған аударма тәсілдері беріліп отыр (3-кесте).

3 - к е с т е

«Жүрек дауаламау» фразеологизмін аудару барысында қолданылған тәсілдер

№	Түпнұсқасы	Аудармасы	Аударма тәсілдері
1.	Мені бастап келе жатқан қызыл түлкі сол екі жолбарыстың алдына апаруға жүрегі дауаламай, осы араға келгенде, мына жатқан көп індігештің біреуіне сүңгіп жоғалды [8; 116].	Bana kılavuzluk eden kızıl tilki, o iki kaplanın yanına gitmeye cesaret edemedi; işte, şuradaki sayısız küçük inlerden birine dalıp kayboldu [9; 211].	Фразеологиялық баламасын беру
2.	Тевкелев төңірегіндегілер жүз қаралы салт аттының соңынан қуып барып Таймасты арашалап алып қалуға жүрегі дауаламады [8; 368].	Tevkelev'in etrafındakilerin yüz silahlı atının peşlerine düşüp, Taymas'ı kurtarmak akıllarına pek yatmadı [10; 276].	Сипаттамалы аударма
3.	Әлде, қанша дегенмен, ақ патшаның кісісіне қол көтеруге жүрегі дауаламады ма екен? [8; 405].	Yoksa, ne olursa olsun Rus çarîçesine adamına el kaldırmaya cesaret mi edemedi? [10; 329].	Фразеологиялық баламасын беру
4.	Әбілқайыр сол қызыл оттың ортасына қарай жылжып қонуға қанша дегенмен жүрегі дауалай алмады [8; 438].	Abilkayır'ın bu iki kırmızı ateşin ortasına doğru yaklaşıp konaklamaya hiç de gönlü razı değil [10; 376].	Фразеологиялық баламасын беру
5.	Оны аяғаны сонша, жаңа ғана Юмаштан естіген хабарын айтуға да жүрегі дауаламады [8; 442].	Ona o kadar acıdı ki, biraz önce Yumaş'tan duyduğu haberi bile söylemeye cesaret edemedi [10; 381].	Фразеологиялық баламасын беру
6.	Жүрегі дауалап ешқандай сұрақ та қоя алмады [8; 563].	_____	Түсіру

«Жүрегі дауаламау» фразеологизміне сөздіктерде мынадай анықтамалар берілген: Жүрегі [көңілі] дауаламады [қобалжыды]. *Батылы бармады, қаймықты, тайсалды* [2; 278]. «Жүрегі дауаламау» батылсыздық, Жүрегі //көңілі// шайлығы [17; 84]. «Жүрегі дауаламады [қобалжыды]. Батылы болмады, тайсалды, қаймықты [13, 638]. Яғни, аталған фразеологизм «батылсыздық, жүрексіну, қаймығу» мағынасында жұмсалады. 4-кестедегі 1-ші мысалда аудармашы түрік тілінде «cesaret etmek» фразеологизмінің болымсыз түрі «cesaret edememek» фразеологизмін қолдана отырып, сөйлемнің мағынасын толық ашқан. 2-ші мысалда «жүрегі дауаламады» фразеологизмін «akıllarına pek yatmadı» деп аударған. Негізінде «aklına yatmamak» фразеологизмінің сөзбе-сөз аудармасы: миына қонбау. Мәнмәтіндегі «батылы бармады» деген мағынада жұмсалған «Таймасты арашалап алып қалуға жүрегі дауаламады» сөйлемі түрікшеге *Taymas'ı kurtarmak akıllarına pek yatmadı (Таймасты арашалап алып қалу шешімі миларына мүлдем қонбады)* деп аударылған). Біздің ұсынатын нұсқамыз: *Taymas'a arka çıkıp kurtarmaya cesaret edemediler*. Аудармашы мәтіндегі бұл фразеологизмді барынша көркем жеткізу мақсатында бұл сөйлемді фразеологиялық емес тіл құралымен беру амалын қолдана отырып аударған. Сонымен қатар 3-ші, 4-ші және 5-ші мысалдарда аудармашы фразеологиялық баламасын беру арқылы аударған.

Төмендегі кестеде «жүрегі лүп етті» фразеологизмі қолданылған сөйлемдердің түпнұсқалары, түрік тіліне аудармалары және аудару барысында қолданылған аударма тәсілдері беріліп отыр (4-кесте).

«Жүрегі лүп етті» фразеологизмін аудару барысында қолданылған тәсілдер

№	Түпнұсқа	Аудармасы	Аударма тәсілдері
1.	... ертең бізді де тыныш тастамас деп жүректері лүпілдеп отырған көрші мұсылман хандықтары да Әбілқайырдан безініп, бұның шашпауын көтере бастады [8; 460].	... yarın bizi de rahat bırakmayacak» diye düşünün komşu müslüman hanlıklar da Abilkayır'dan uzaklaşıyor, gün geçtikçe Batır Sultan'la yakınlaşıyorlardı [10; 406].	Түсіру
2.	Сол-ақ екен, бұның көкірегіне бір сұр көжек кіріп кеткендей жүрек тұсы лүпілдей ала жөнелді [8; 500].	O anda kalbi hızla atmaya başlamış, kendini düşüncelere vermişti [10; 455].	Фразеологиялық балама
3.	Бала жігіт жүрегі лүп-лүп етіп асыға аяңдады [8; 520].	Genç yiğit heyecanla yol almaya başladı [10; 480].	Фразеологиялық емес тіл құралымен беру

Кестеде көрсетілген фразеологизмнің анықтамасы сөздіктерде былай берілген: Жүрегі лүп етті [ете түсті]. 1) *Бір нәрседен жай секем алды.* 2) *Кенет келген қуаныш сезім туралы айтылады* [2; 279].

Жүрегі лүпілдеді [лүпіл қақты, лүп-лүп етті]. Жүрегі жиі-жиі соқты, қобалжыды [13; 640]. Түрікше-қазақша қысқаша фразеологиялық сөздікте «Yüregi oynamak» «жүрегі ойнау» жүрегі лүп ету, дір ету деген баламалары берілген [11; 69]. 1-ші мысалда автор окказионалды фразеологизмді қолданған яғни «жүрегі лүп етті [ете түсті]» деген фразеологизмге өзгертулер енгізген лүп етті етістігін лүпілдеп отырған етістігіне алмастыра қолданған «жүректері лүпілдеп отырған». Сөйлемдегі фразеологизмнің мағынасы бір нәрседен секем алу болғандықтан, аудармашы түсіру тәсілін қолдана отырып жалпы сөйлемнің мағынасын жеткізіп тәржімалаған. Фразеологиялық тіркестерді аудару мақсат етілсе, осы фразеологизмнің баламасы ретінде автор тарапынан түрік тіліндегі «yüregi çarpmak» фразеологизмі ұсынылады. Түрік тіліндегі Үлкен фразеологиялық сөздікте: yüregi çarpmak — heyecandan, korkudan yüregi hızlı hızlı atmak (аудармасы: толқудан немесе қорқыныштан жүрегі қатты соғу) [5; 1235].

«Фразеологизмдер тілдің мәдениетпен байланысын қадағалайды және әртүрлі тарихи фактілермен сипатталады. Халық өміріндегі барлық оқиғалар сөздік қорында өз көрінісін алады» [18; 106].

2-ші мысалда автор өзге тілде түсініксіз болатын күрделі тенеуді қолдана қоймай «*жүрек тұсы лүпілдей ала жөнелді*» деген фразеологизмді шебер қолданған, сол себепті бұл сөйлемді тәржімалауда жазушының нені меңзеп тұрғанын түсіне білу қабілеті аса маңызды. Аудармашы фразеологиялық балама тәсілін қолдану арқылы аталған тұрақты тіркестің аудармасын дәл берген.

Төмендегі кестеде «жүрегі жарылу» фразеологизмі қолданылған сөйлемдердің түпнұсқалары, түрік тіліне аудармалары және аударма тәсілдері беріліп отыр (5-кесте).

«Жүрегі жарылу» фразеологизмін аудару барысында қолданылған тәсілдер

№	Түпнұсқасы	Аудармасы	Аударма тәсілдері
1	2	3	4
1.	... Әбілқайыр өз құлағына өзі сенбей, жүрегі жарылып қуанған-ды [8; 80].	... Abilkayır, kulaklarına inanmamış, çok sevinmişti [9; 142].	Фразеологиялық емес тіл құралымен беру
2.	... әскердің де, жүректері жарылып алдарынан шығып тұрған маз-мәйрам халықтың да құлағына майдай жағып барады [8; 142].	... askerlerin de, onları sevinçten kalbi yarılacak gibi olup karşılayan halkın da kulağına bülbul sesi gibi geliyor [9; 259].	Фразеологиялық баламасын беру
3.	Жүрегі жарыла қуанған Бөкенбай мен Есет ... [8; 316].	Yürekləri parçalanıyormuşçasına sevinen Bökenbay ile Eset... [10; 202].	Фразеологиялық баламасын беру
4.	Бөкенбай жүрегі жарылып еліне жетсе, үйі қаңырап бос тұр [8; 317].	Bökenbay, kalbi hızla ata ata obasına ulaşır [10; 202].	Фразеологиялық баламасын беру

1	2	3	4
5.	Қапелімде, ол мұны жүрек жарды қуаныштан шығар деп ойлаған-ды [8; 449].		Түсіру
6.	... алау-далау боп жүретін жырым балақ қатыны жүректері жарыла қуанып жатқан көрінеді [8; 533].	... annesiyle babası dilsiz kızını evlendirecekleri için seviniyorlarmış [10; 495].	Фразеологиялық емес тіл құралымен беру
7.	Қайран Мәтекең бұл туғанда жүрегі қалай жарылып еді [8; 555].	O doğduğunda dedesi Meti çok sevinmişti! [10; 516].	Фразеологиялық емес тіл құралымен беру

«Фразеологиялық сөздікте»: Жүрегі жарылды/ жүрегі жарыла жаздады тұрақты тіркесіне — *қатты қуанды, көңілденді* деп анықтама берілген [2; 459]. Ал түрікше–қазақша, қазақша–түрікше қысқаша фразеологиялық сөздікте: Yüreği yarılmak — жүрегі жарылу, қорку деген баламалары берілген [11, 70].

Түрік тілінің «Örnekleriyle Büyük Deyimler Sözlüğü» атты фразеологиялық сөздігінде: yüreği yarılmak — çok korkmak (жүрегі жарылу — қатты қорку) деген анықтама берілген [5; 1238].

Қазақ халқының ауызекі тілінде қатты қуанғанды немесе қатты қорыққанды жеткізу үшін осы жүрегі жарылу фразеологизмінің жиі қолданылатынын көреміз «күнделікті ауызекі тілдің қолданысы ауызша да, жазбаша да айқын ұқсастықтармен және сипаттамалық терминдермен жүреді. Сондықтан қолдан қолға, ауыздан ауызға ауысып, тез таралады» [19; 138].

Сондай-ақ, қатты күлуді сипаттауда «жүрегім жарылғанша күлдім» деп те айтылады. Түрік тілінде «gülmekten ölmek / gülmekten yarılmak / gülmekten kırılmak» деген фразеологизмдер «қуанғаннан өлдім, қуанғаннан жарылдым» деген мағынада жұмсалады. «Жүрегі жарылу» тек көңілдену мағынасында ғана емес, қорқыныш сезімді білдіру үшін де қолданылады. Түрік тілінде қорқудан жүрегі жарылу мағынасында «ödü patlamak» (кенеттен қатты қорку, өті жарылу) тіркестері қолданылады. Қазақ тілінде «жүрек» сөзімен берілген бұл фразеологизм түрік тілінде «өт» лексемасымен қолданылады.

Зерттеудің нәтижесінде аталған фразеологизм құрылымы бойынша екі тілде де бірдей болғанымен, мағыналық тұрғыдан әр түрлі екендігі анықталды. Аудармашы берілген фразеологизмнің мағыналық астарын ажырата отырып, бұл фразеологизмді аудару барысында әр түрлі тәсілді қолданған. Мысалы, 3-кестедегі 1-ші мысалда жүрегі жарылып қуанған-ды [8; 80] фразеологизмі «çok sevinmişti» [9; 142] деп аударылып, фразеологиялық емес тіл құралы қолданылған. Аудармашы 2, 3, 4-ші мысалдарда фразеологиялық баламаларын беру арқылы сәтті аударма жасаған. Ал 5-ші мысалды аудару барысында түсіру тәсілі қолданылған.

Фразеологизмдерді аудару үдерісінде аудармашыға қойылатын басты талап — түпнұсқадағы фразеологизмдерге сәйкес мағына мен стилистикалық мазмұнды сақтап, эмоцияны беру болып табылады. Осы орайда, «Үркер» романындағы фразеологизмдерді түрік тіліне аудару барысында аудармашының бірнеше аударма тәсілді сәтті қолданғанын көруге болады.

Қорытынды

Жазушы Әбіш Кекілбаев «Үркер» туындысында алуан түрлі кейіпкерлердің мінез-құлқын айқын сипаттап, олардың бейнесін шебер сомдау үшін қалыпты мәтінді қолданбай, астарлы, образды фразеологизмдерді жиі қолданғанын байқауға болады. «Үркер» тарихи роман болғандықтан ерлік, жігерлік, батырлық сынды қасиеттер әр алуан фразеологизмнен көрініс табады.

Зерттеу нәтижесінде Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романында соматикалық фразеологизмдер көптеп кездесетіндігін байқадық. Зерттеу мәліметтері туыстас түрік және қазақ тілдеріндегі «жүрек» соматизмінің адам өміріндегі эмоционалдық, рухани орталығының көрінісі екенін дәлелдеп отыр. Туыстас қазақ және түрік тілдерінің фразеологиялық қорындағы «жүрек» лексемасының қолданылу аясының өте ұқсас екенін көруге болады. Жалпы алғанда, аударманың басқа түрлеріне қарағанда көркем шығармадағы фразеологизмдерді аудару едәуір қиын үдеріс болып саналады. Бұл жағдайда аудармашының шеберлігі, тәжірибесі, теориялық білімі, фразеологиялық сөздік қоры және фразеологизмдерді ажырата білу қабілеті аса маңызды рөл атқаратыны анық.

Қазақ және түрік халықтарының тілдік санасындағы «жүрек» концептісінің көбінесе анатомиялық орган ретінде емес, жағымды немесе жағымсыз эмоциялардың орны ретінде және адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде көруге болады.

«Үркер» романындағы «жүрек» лексемасымен берілген соматикалық фразеологизмдердің түрік тіліне аудармасында көбіне фразеологиялық баламасын беру, фразеологиялық калька, фразеологиялық емес тіл құралымен беру сынды аударма тәсілдерін қолданылғаны анықталды. Мұнымен қатар, «жүрек» лексемасы тірек компонент болатын соматикалық фразеологизмдерді аудару үдерісінде аудармашылардың аударма тәсілдерін шебер пайдаланғанын көруге болады. Тұрақты сөз тіркестерін аудару барысында түпнұсқадағы фразеологизмнің терең мағынасы мен көркемдік бейнелігін сақтау маңызды екені белгілі. Осы ретте «Үркер» романын түрік тіліне аударған аудармашылардың түпнұсқаның тек мазмұнын берумен ғана шектелмей, түпнұсқадағы мәтіннің әдеби стилін толық жеткізгеніне көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда / Г. Смағұлова. — Алматы: Елтаным, 2020. — 256 б.
- 2 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік / І. Кеңесбаев. — Алматы: Арыс, 2007. — 800 б.
- 3 Aksoy Ö. Atasözleri ve deyimler sözlüğü. Deyimler Sözlüğü II / Ö. Aksoy. — İstanbul: İnkılap, 1988. — 1205 s.
- 4 Argunşah M. Türkçe sözlük 2. K-Z / M. Argunşah. — Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1992. — 1679 s.
- 5 Saraçbaşı M.E. Örnekleriyle Büyük Deyimler Sözlüğü. Cilt 1–2 / M.E. Saraçbaşı. — İstanbul: Yapı Kredi Yay, 2010. — 3170 b.
- 6 Ахметжанова Г.А. Соматическая фразеология как отражение национально-культурной специфики языкового сознания (на материале казахского и русского языков): дис. ... канд. филол. наук / Г.А. Ахметжанова. — Алматы, 2007. — 204 с.
- 7 Султангубиева А.А. Тілдік бейнедегі «жүрек» концептінің көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. Маманд. 10.02.20 — салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі / А.А. Султангубиева. — Алматы: 2009. — 122 б.
- 8 Кекілбаев Ә. Үркер / Ә. Кекілбаев. — Алматы: Жазушы, 1981. — 584 б.
- 9 Kekilbayuli A. Ülker. Cilt I / A. Kekilbayuli. — Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayınları, 2002. — 335 s.
- 10 Kekilbayuli A. Ülker. Cilt II / A. Kekilbayuli. — Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Başkanlığı, 2002. — 542 s.
- 11 Рысбаев Ә. Түрікше-қазақша, қазақша-түрікше қысқаша фразеологиялық сөздік / Ә. Рысбаев, А. Назарова, Ә. Құсайынова. — 2-басылым. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 128 б.
- 12 Kildiroglu M. Phraseological Units with A Somatic Component in the Kazakh and Turkish Languages / M. Kildiroglu, K.M. Shakirova // Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series "Philological sciences". — 2023. — Vol. 71, No. 4. — P. 143–157.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова. — 6-том (Ж—Ж). — Алматы: Арыс, 2007. — 752 б.
- 14 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 968 б.
- 15 Коч К. Қазақша-түрікше сөздік / К. Коч, А. Байниязов, В. Башкапан. — Түркістан: «Тұран» баспа орталығы, 2003. — 637 б.
- 16 Çetinkaya B. Bağlam İçerisinde Yürek ve Kalp Sözcükleri / B. Çetinkaya // Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. — 2007.
- 17 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі / Г. Смағұлова. — Алматы: «Елтаным» баспасы, 2010. — 252 б.
- 18 Turlybekova I.A. English phraseological units of speech behavior reflecting household realities / I.A. Turlybekova, S.S. Nurkenova // Bulletin of the Karaganda University. Philology Series. — 2024. — Vol. 29, Issue 1(113). — P. 106-112.
- 19 Mingazova L.I. Theoretical problems of literary translation / L.I. Mingazova, B.O. Orazova // Bulletin of the Karaganda University. Philology Series. — 2024. — Vol. 29, Issue 1(113). — P. 137-145.

М.К. Оразбаева, А.А. Курманали

Особенности перевода фразеологизмов с лексемой «сердце» в романе А. Кекильбаева «Уркер» на турецкий язык

В результате возросшего в последние годы особого интереса к фразеологизмам, считающимся ярким проявлением культуры народов, проблема сравнительно-сопоставительного изучения фразеологиче-

ского фонда различных языков становится актуальной, так как во фразеологии любого народа ярко отражаются мировоззрение, менталитет, культура, фольклор, традиции и обычаи народа. В этой связи в статье рассмотрены особенности перевода на турецкий язык фразеологизмов, отражающих лексему «сердце» в романе А. Кекильбаева «Уркер». Основной целью данной исследовательской работы является раскрытие когнитивной и семантической природы устойчивых сочетаний в контексте лексики «сердце» в романе «Уркер» и определение особенностей их перевода на турецкий язык. В качестве материала исследования был отобран 81 соматический фразеологизм из романа, выражающие лексему «сердце», и проанализированы способы их перевода на турецкий язык. Авторы статьи предложили свои варианты перевода фразеологизмов на турецкий язык, в которых лексема «сердце» является опорным компонентом, и сделали выводы относительно сферы применения лексики «сердце» во фразеологическом фонде родственных казахского и турецкого языков.

Ключевые слова: фразеологический фонд, художественное произведение, переводоведение, соматизм, лексема «сердце».

M.K. Orazbayeva, A.A. Kurmanali

The features of translation of the idioms with the lexeme “heart” in A. Kekilbaev's novel “Urker” into Turkish

In recent years, as a result of the increased special interest in idioms, which are considered a vivid manifestation of the culture of peoples, the problem of comparative and contrastive study of the phraseological fund of various languages has become a topical issue of linguistics, since the phraseology of any nation vividly reflects the worldview, mentality, culture, folklore, traditions and customs of the people. In this regard, the article examines the features of translation of the phraseological units with the lexeme “heart” in A. Kekilbaev's novel “Urker” into Turkish. The main goal of this study is to reveal the cognitive and semantic nature of the idioms in the context of the lexeme “heart” in the novel “Urker” and identify the features of their translation into Turkish. As the research material, 81 somatic idioms from the novel expressing the lexeme “heart” were chosen and the ways of their translation into Turkish were analyzed. The authors also propose alternative ways of translation of phraseological units into Turkish, in which the lexeme “heart” is a main component and draw conclusions in the scope of the lexeme “heart” in the phraseological fund of kindred Kazakh and Turkish languages.

Keywords: phraseological fund, fiction, translations studies, somatism, lexeme “heart”.

References

- 1 Smagulova, G. (2020). *Qazaq frazeologiasy lingvistikalıq paradigmalarda [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]*. Almaty: Eltanym [in Kazakh].
- 2 Kenesbaev, I. (2007). *Frazeologialıq sozdik [Phraseological Dictionary]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 3 Aksoy, Ö. (1988). Atasözleri ve deyimler sözlüğü. Deyimler Sözlüğü II [Dictionary of Proverbs and Idioms II]. Istanbul: İnkılâp [in Turkish].
- 4 Arunşah, M. (1992). *Türkçe sözlük 2 K-Z [Turkish dictionary 2 K-Z]*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları [in Turkish].
- 5 Saraçbaşı, E. (2010). *Örnekleriyle Büyük Deyimler Sözlüğü. Cilt 1–2 [A Big Dictionary of Idioms with Examples. Volumes 1–2]*. Istanbul: Yapı Kredi Yayınları [in Turkish].
- 6 Ahmetzhanova, G.A. (2007). Somaticheskaya frazeologiya kak otkazhenie natsionalno-kulturnoi spetsifiki yazikovogo soznaniya (na materiale kazakhskogo i russkogo yazikov) [Somatic phraseology as a reflection of the national and cultural specifics of linguistic consciousness (based on the material of the Kazakh and Russian languages)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 7 Sultangubieva, A.A. (2009). Tildik beinedegi zhurek kontseptinin korinisi (qazaq, orys, agylshyn tilderi boıynsha) [Representation of the heart concept (in Kazakh, Russian, English languages)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 8 Kekilbaev, A. (1981). *Urker [Urker]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 9 Kekilbayuli, A. (2002). *Ülker. Vol. I [Urker]*. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayınları [in Turkish].
- 10 Kekilbayuly, A. (2002). *Ülker. Vol. II [Urker]*. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Başkanlığı [in Turkish].
- 11 Rysbaev, A., Nazarova, A., & Qusainnova, A. (2014). *Turikshe-qazaqsha, qazaqsha-turikshe qysqasha frazeologialıq sozdik [Turkish-Kazakh, Kazakh-Turkish Short Phraseological Dictionary]*. 2nd edition. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 12 Kildiroglu, M. & Shakirova, K. (2023). Phraseological Units with A Somatic Component in the Kazakh And Turkish Languages. *Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series “Philological sciences”, Vol. 71, 4, 143–147*.
- 13 Konyratbayeva, Zh., Kaliev, G., & Esenova, K. (Comp.). (2007). *Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh Literary Language]*. On bes tomdyq. 6-tom [Fifteen Vols.; Vol. 6]. Almaty: Arys [in Kazakh].

- 14 Zhanuzaqov, T. (Ed.). (2008). *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Daik-Press baspasy [in Kazakh].
- 15 Koç, K., Bayniyazov, A., & Başkapan, V. (2003). *Qazaqsha-turikshe sozdik* [Kazakh-Turkish dictionary]. Turkistan: "Turan" baspa ortalygy [in Kazakh].
- 16 Çetinkaya, B. (2007). *Bağlam İçerisinde Yürek ve Kalp Sözcükleri* [Yurek and Kalp Words in Context]. *Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi — Afyon Kocatepe University Journal of Social Sciences* [in Turkish].
- 17 Smagulova, G. (2010). *Magynalas frazeologizmdar sozdigi* [Meaningful phraseological dictionary]. Almaty: "Eltanym" baspsy [in Kazakh].
- 18 Turlybekova, I.A., & Nurkenova, S.S. (2024). English phraseological units of speech behavior reflecting household realities. *Bulletin of the Karaganda University. Philology Series*, Vol. 29, Issue 1 (113), 106-112.
- 19 Mingazova, L.I. & Orazova B.O. (2024). Theoretical problems of literary translation. *Bulletin of the Karaganda University. Philology Series*, Vol. 29, Issue 1 (113), 137-145.

Information about the authors

Orazbayeva, Meruyert Kazbekkyzy — Doctoral Candidate of Department of Turksoy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: orazbayevameruyert@gmail.com

Kurmanali, Altynshash Arystanbekkyzy — Professor of Department of Turksoy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: altynshash.kurmanali777@gmail.com